

**«С.Ж. Асфендияров
атындағы Ұлттық
Медицина Университеті»
Акционерлің Қоғамы**

**Акционерное Общество
«Национальный
Медицинский
Университет им. С.Ж.
Асфендиярова»**

Гениталды герпес


Орындаған: 32-2 топ 6 курс


Сенгырбай Ж.У.

Қабылдаған: Сартаева Г.Ш.

Герпес дегеніміз не?

Герпес – ауырсынатын көпіршіктер мен ойық жараларды туындататын вирустар тобының атауы. Герпестің түрлерінің бірі (қарапайым герпес вирусы немесе ҚГВ) ауыз маңайындағы герпесті (ұшық) және жыныстық герпесті (жыныстық мүшелердің аумағындағы) туындатуға қабілетті. Құрсау герпесі – желшешекті және құрсау теміреткіні туындататын герпестің бір түрі. Герпес вирусы әлемдегі миллиондаған адамда бар. Аурудың ушығуынан кейін басылатын кезеңі болады. Аурудың ушығуы кезінде жыныстық қатынаста презерватив қолдану немесе жыныстық қатынасқа түспеу арқылы науқас серіктесін жұқпаланудан сақтайды. Бұл жөнінде дәрігермен кеңесу шарт.





Герпетические высыпания:

Находится на половом члене (у мужчин)
во влагалище, наружных половых органах,
шейке матки (у женщин) и вокруг ануса



Генитальный герпес

Симптомдары

Симптомдарына кіретіндер:

- жыныстық мүшелердің аумағындағы ауырсынатын ойық жаралардың, қышудың,
- ауырсынатын несеп жүруінің,
- қынаптан бөлінділердің және шаптың аумағындағы ауырсынатын түйіндердің пайда болуы.

Алғашқы ушығуы кезінде (алғашқы герпес) кейбір науқастарда тұмау тәрізді симптомдар: денедегі ауырсыну, қызба және бастың ауырсынуы болады. Герпеске шалдыққан адамдардың көпшілігінде өзіне тән симптомдарымен аурудың асқынуы болып тұрады. Кейбір әйелдерде герпестік бөріткендер жатырдың мойнында ғана болады. Бұл жағдайда симптомдары аз немесе болмауы мүмкін.

Алғашқы кезеңі

Бұл кезең жұқтырғаннан кейін 2 - 8 күннен кейін басталады, бірақ, кейде бұл көбірек уақытты алуы мүмкін. Әдетте, инфекцияның өршуінде аздаған ауырсынатын көпіршіктер тобы пайда болады. Көпіршіктердегі сұйықтық мөлдір немесе бұлыңғыр болады. Көпіршіктердің астындағы аумақ әдетте, қызыл болады. Көпіршіктер оңай жарылады, сондықтан, ашық ойық жараларға тез айналады. Науқас көпіршік кезеңін байқамауы мүмкін. Жыныстық мүшелердің аумағында ауырсынатын көпіршіктер мен ойық жаралар пайда болуында несеп жүруі кезінде ауырсыну болады. Бұл жоғары температурамен, жалпы өзін нашар сезінумен, немесе басқа тұмау секілді симптомдармен қосарланады. Кейде ауру симптомсыз өтеді, кейбір науқастар өздерінің жұқпаланғандығын білмейді.

Жасырын кезеңі

Бұл кезеңде көпіршіктер, ойық жаралар немесе басқа симпомдар болмайды. Бұл кезде вирус теріден омыртқаны қоршайтын нервтерге өтеді.

Өршу кезеңі

Бұл кезеңде вирус нерв жалғамдарында көбейе бастайды. Егер зақымданған нерв жалғамдары организмнің сұйықтықпен (сілемей, шәует, қынап бөліндісі) жанасатын аумағында болса, вирус оларға түседі. Бұл кезең симптомсыз өтеді, бірақ, бұл кезде вирустың таралуы жүреді.

Жыныстық герпес қалай таралады?

Жыныстық герпес әдетте, жыныстық қатынас кезінде, оның ішінде, жұқпалы адаммен ауыз арқылы қатынасты қоса, адамнан адамға беріледі. Вирус организмге зақымданған тері немесе ауыздың сілемей қабаты, несеп шығару жоларының саңылауы, жатырдың мойны немесе айналшық саңылауы арқылы өтуі мүмкін. Герпес инфекцияның өршуінде көпіршіктер немесе ойық жаралар болғанда жеңіл тарайды. Бірақ, кейде инфекция көрінетін симптомдарсыз да таралады. Герпес вирусы организмде ауысып тұрады, мысалы, жыныстық мүшеден саусаққа, көзге немесе дененің басқа бөлігіне.

Ауырсынуды басу үшін кеңестер

- Аспирин, ацетаминофен немесе ибупрофен қабылдаңыз.
- Ауырсынатын жерге сәл жылы немесе салқын салфетка басыңыз.
- Жылы (ыстық емес) ванна қабылдаңыз (несеп жүруінде әйел ваннада несеп шығаруына болады, бұл несепті езіп, ойық жараны күйдірмейді).
- Зақымданған жерді құрғақ және таза ұстау қажет. Мақта матадан іш киім киіңіз. Бос, қыспайтын киім киіңіз.